

"Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 15 тамызда № 9692 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 27.02.2018 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 588-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда № 5446 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2009 жыл № 3) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу ережелерінде (бұдан әрі – Ереже):

4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі құжаттама.

17. Салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ өсімақылар мен айыппұлдарды есепке алу жөніндегі құжаттама іс номенклатурасына сәйкес құжаттардың түрлері бойынша топтастырылады және қағаз және (немесе) электронды тасығыштарда жүргізіледі :

1) уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған құжаттар;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың, айыппұлдардың артық (қате) төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі құжаттар;

3) қосылған құн салығын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі құжаттар;

4) дербес шоттарды беру және қабылдау жөніндегі құжаттар;

5) салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, сондай-ақ өсімақылар мен айыппұлдар бойынша салыстыру актілері ;

6) салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерінің өзгеруі туралы құжаттар;

7) банкрот деп танылған салық төлеушілердің салық берешегі жөніндегі құжаттары;

8) салық міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы құжаттары;

9) таратылған салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауы жөніндегі құжаттар;

10) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы кезіндегі салық міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі құжаттар;

11) бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша бюджет деңгейлерінің арасында кірістер сыныптамасының түсімдерін бөлуді бекіту туралы бұйрықтар.

18. Салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші бойынша салық органы осындай өтінішті алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу , ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылады.

19. Салық төлеушінің (салық агентінің) талабы бойынша бір жұмыс күні ішінде осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру актісін береді.

20. Осы Ережеге 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің жоқ (бар) екені туралы анықтама (бұдан әрі - берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама) салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша Салық кодексінің 598-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде беріледі.

Берешектерінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беруге салықтық өтініштерін есепке алу үшін осы Ережеге 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салықтық өтініштерін тіркеу және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы анықтамаларды беру Журналында жүргізіледі.

21. Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органдарында ашылған дербес шоттардың деректері бойынша салықтық өтініш берілген күнге жасалады.

Салық төлеушінің талабы бойынша салықтық өтініші негізінде осындай өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұрын берілген Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтаманың көшірмесі беріледі.

22. Салық төлеуші Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама беруге салықтық өтініш берген кезде салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға дербес шоттарда ұсынылған есептер, декларациялар, сондай-ақ салық тексерулерінің актілері бойынша есептелген сомалардың бар екендігіне тексеру жүргізеді. Салық есептілігін табыс ету мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші және оның құрылымдық бөлімшелері өтінішті тапсыру күніне салық есептілігін тапсырмаған жағдайда, Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама берілмейді.

23. Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар бойынша Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама заңды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшелерінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органдарында ашылған заңды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшелерінің дербес шоттарының жағдайын есепке ала отырып заңды тұлғаның орналасқан орны бойынша жасалады.

24. Құрылымдық бөлімшенің Берешектің жоқ екені туралы анықтамасында осы құрылымдық бөлімшенің тіркеу есебінің орны бойынша салық органдарында ашылған құрылымдық бөлімшенің дербес шоттарының ақпараты көрсетіледі.

25. Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтамада барлық салық органдарынан жиынтықталған дербес шоттардың жағдайы туралы ақпарат көрсетіледі. Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтаманың әрбір салық органы бойынша ақпарат көрсетілетін қосымшалары бар. Салық органында артық төлеу және (немесе) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған жағдайда мұндай ақпарат қосымшаларда көрсетілмейді.

26. Берешектің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама осы анықтама жасаған салық органы басшысының немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолымен және мөрімен куәландырылады.

Берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтамада барлық салық органдарынан дербес шоттар бойынша мәліметтер алынған уақыты мен күні көрсетіледі. Берешектің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада қосымшаларының саны көрсетіледі.";

көрсетілген Ережеге 16, 17, 18 және 20-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ә.С. Жұмаділдаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

Орынбасары - Қазақстан

Республикасының Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің 2014 жылғы
8 шілдедегі № 300 бұйрығына
1-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне
16-қосымша
нысан

Салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жағдайы туралы жеке шоттан
КӨШІРМЕ

Көшірме күні: _____

(салық органының атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 13cf1 , 20-баптарынаcf1 , Сіздің 20__ж. өтінішіңізге сәйкес 20 ж. - 20 ж. кезеңі үшін салық міндеттемесінің

орындалуы бойынша бюджетпен есеп айырысудың жағдайы туралы _____

БСН/ СТН _____

Сізге хабарлайды

(салық төлеушінің (салық агентінің) атауы/Т.А.Ә.)

(теңге)

Салықтың (төлемнің) атауы мен коды	Кезең басына сальдо (бересі -, артық төлеу (асып түсу)+)			Қабылданған сальдо (бересі -, артық төлеу (асып түсу)+)			Есептелді			Азайтылды		
	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
БАРЛЫҒЫ :												

Кестенің жалғасы

Төлөнді			Қайтарылды			Берілген сальдо (бересі -, артық төлеу (асып түсу)+)			Есептен шығарылған сальдо (бересі -, артық төлеу (асып түсу) +)			Кезеңнің соңы (бересі -, арт асып түсу) +)	
салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл	айыппұл	салық (төлем)	өсімпұл
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27

Кестенің жалғасы

Бұрын бюджеттен қайтарылған, қайтарылуы расталмаған ҚҚС асып кету сомасы және өсімпұлдар	Анықтама: салық міндеттемелерін орындаудың өзгертілген мерзімімен салық сомасы	Анықтама: шағымдану және шағымдалған сатысында болып табылатын салық тексеруінің актісі бойынша есептелген сома	Есепке жатқызуды және /немесе қайтаруды жүргізудің мерзімін бұзғаны үшін салық органына өсімпұл есептелді	салық төлеушіге өсімпұл аударылды
29	30	31	32	33

Лауазымды тұлға _____

(Т.А.Ә. қолы)

қосылған құн салығы бойынша оң сальдо асып түсу және/немесе артық төленген сома ретінде қарастырылады

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2014 жылғы 8 шілдедегі
№ 300 бұйрығына
2-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне
17-қосымша
№ 23 нысан

Салық төлеушінің
(салық агентінің) БСН/СТН-і _____

**20__ж. " __ " _____ жағдай бойынша
салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер,
міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы
жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысулардың
салыстыра тексеру
АКТІСІ**

_____ салық органы және салық төлеуші _____ 20__ж. " __ " _____ кезеңі үшін

үшін салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-айырысуларды салыстыра тексеруді жүргізді
(теңге)

	Кезең басына сальдо (бересі -, асыра төлеу (асып түсу)+)	Қабылданған сальдо		Есептелді	Азайтылды	Төленді	Қайтарылды	Бұры бюджетке қайтағ , қайтағ растал ҚҚС кету с және өсімпү
		қабылдау күні	сома					
Салықтың (төлемнің) атауы мен коды	салық комитетінің деректері бойынша	салық						
		өсімпұл						
		айыппұл						
	салық төлеушінің деректері бойынша	салық						
		өсімпұл						
		айыппұл						
	салық							

	айырмашылық (+,-)	өсімпұл							
		айыппұл							
және т.б.									
<i>Салық берешек жиыны:</i>		салық							
		өсімпұл							
		айыппұл							
<i>Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша (артық төлеу) жиыны:</i>		салық							
		өсімпұл							
		айыппұл							
<i>Жиыны:</i>		салық							
		өсімпұл							
		айыппұл							
Міндетті зейнетақы жарналары	салық комитетінің деректері бойынша	Берешек	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
		Артық төлеу	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
	салық төлеушінің деректері бойынша	Берешек	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
		Артық төлеу	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
айырмашылық (+,-)	Берешек	салық							
		өсімпұл							
		айыппұл							
	Артық төлеу	салық							
		өсімпұл							
		айыппұл							
Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары	салық комитетінің деректері бойынша	Берешек	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
		Артық төлеу	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
	салық төлеушінің деректері бойынша	Берешек	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						
		Артық төлеу	салық						
			өсімпұл						
			айыппұл						

қосылған құн салығы бойынша оң сальдо асып түсу және/немесе артық төленген сома ретінде қарастырылады.

Салыстыра тексеру актісін жасау күні 20 ж. " "

Лауазымды тұлға _____ Салық төлеуші: _____

(қолы) (қолы)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2014 жылғы 8 шілдедегі
№ 300 бұйрығына
3-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне
18-қосымша
нысан

_____ (анықтама берген салық органының атауы)

20__ ж. " __ " _____ жағдай бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы

№__ АНЫҚТАМА

_____ берілді

(салық төлеушінің БСН/ЖСН, Т.А.Ә. немесе атауы)

20__ ж. " __ " _____ жағдай бойынша салық төлеушінің

_____ теңге сомада салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі бар,

салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (теңге)

р/с №	Салық және басқа да міндетті төлемдердің атауы және бюджеттік сыныптама коды	Салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы		Өсімпұл сомасы		Айыппұл сомасы	
		берешек	артық төлеу (асып түсу)	берешек	артық төлеу	берешек	артық төлеу
1	2	3	4	5	6	7	8

қосылған құн салығы бойынша оң сальдо асып түсу және/немесе артық төленген сома ретінде қарастырылады.

1. Салық берешегінің барлығы	теңге ;
2. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек	теңге ;
3. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек	теңге ;
4. Ескерту. Берешектерінің жалпы сомасында көрсетілмеген (жою жағдайын қоспағанда):	
1) шағымдалу сатысында болып табылатын және шағымдалған салық тексеруі нәтижелері бойынша есептелген сомалар	теңге ;
2) төлеу мерзімдері өзгертілген сомалар	теңге ;
3) оңалту рәсімі қолданылған сомалар	теңге .

Анықтама _____ берілді

(талап еткен жер)

20 __ ж. " __ " _____

(берген күні)

Салық органының басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

М.О.

Лауазымды тұлға _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

- анықтамада _____ салық органдарының ақпараттары көрсетілген

- анықтамада _____ құрылымдық бөлімшесінің ақпараттары көрсетілген

_____ (анықтама берген салық органының атауы)

20 __ ж. " __ " _____ жағдай бойынша

салық берешегінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті

кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша

берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамаға қосымша

Салық төлеушінің БСН/ЖСН, Т.А.Ә. немесе атауы _____

Салық төлеушінің немесе оның	Салық төлеушінің немесе оның	БСК	Салықтық төлемнің, жарналардың,	Барлығы	

құрылымдық бөлімшесінің БСН/ЖСН	құрылымдық бөлімшесінің атауы	аударымдарының сомалары (+. -)	Өсімпұл сомасы (+. -)	Айыппұл сомасы (+. -)	берешек	артық төлеу
1 СО коды	1 СО атауы					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
2 СО коды	2 СО атауы					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
3 СО коды	3 СО атауы					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
Жиыны	бересі					
	артық төлеу					
Салық берешегінің барлығы						

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем бойынша артық төлеулердің барлығы		
Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек		
Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша артық төлеу		
Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек		
Әлеуметтік аударымдар бойынша артық төлеу		

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2014 жылғы 8 шілдедегі
№ 300 бұйрығына
4-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне
20-қосымша
нысан

(салық органының атауы)

20__ жыл үшін салық өтініштерін тіркеу және салық берешегі, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарнасы бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамаларды беру журналы

р/с №	Жазу күні	С а л ы қ төлеушінің атауы	БСН/ЖСН	Өтінішті қабылдау күні	Өтініш №	Құрастыру мақсаты	Көрінетін орган	Құрастыру күні	Беру күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10